«БЕКІТЕМІН»
Филология факультетінің деканы
_____ Г.Т.Шоқым
«27» 01 2022 ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ZHUBANOV UNIVERSITY

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ !

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ мектеп түлектеріне арналған ғылыми жобалар байқауын өткізетіндігін хабарлайды!

«Ағылшын тілі» пәні бойынша Ақтөбе облысының мектептерінің түлектеріне (11 класс) арналған ғылыми жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ

Жалпы ережелер

1.1 Ағылшын лингвистикасы, әдебиеті және оқыту әдістемесі бойынша ғылыми жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Ғылыми конкурс) Ғылыми конкурстардың ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Ғылыми конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1 Ғылыми конкурстың басты мақсаты – өңірдегі мектеп оқушыларының арасынан дарынды жастарды анықтап, оларды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне оқуға тарту, сонымен қатар мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жетілдіру

2.2 Конкурстың міндеттері:

- Ағылшын тілі, әдебиеті және оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықтары мен қабілеттерін көрсеткен мектеп оқушыларын анықтау және қолдау;
- Ағылшын тілі, әдебиеті және оқыту әдістемесі саласында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген оқушыларды ынталандыру, олардың шығармашылық қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың ағылшын тілі, әдебиеті және оқыту әдістемесі бойынша ынтымақтастықты дамыту мен тәжірибе алмасу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілетті оқушыларды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне оқуға тарту.

3. Ғылыми конкурсқа қатысушылар

3.1 Ғылыми конкурсқа облыстың мемлекеттік, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушылары қатыса алады.

3.2 Ғылыми конкурсқа тек жеке зерттеушілер қатыса алады.

3.3 Ата-аналар немесе мектептің жауапты тұлғалары Ғылыми конкурсқа қатысушылардың Ғылыми конкурс өтетін жерге келуі және олардың тұрғылықты жеріне

қайтып баруы кезінде толық жауапты.

4. Ғылыми конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

4.1 Ғылыми конкурстың ұйымдастыру жұмыстарын дайындау және өткізу бойынша үйлестіру және жүзеге асыру үшін филология факультетінің ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2 Ұйымдастыру комитеті қорытынды кезеңнің күні мен өткізу орнын анықтайды, қазылар алқасы мен қатысушылар тізімін бекітеді, Ғылыми конкурстың қорытындысын шығарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

4.3 Қазылар алқасының құрамы филология ғылымдарының докторлары, кандидаттары және факультеттің жетекші оқытушыларынан жасақталады.

4.4 Ғылыми конкурстың Қазылар алқасы қатысушылардың ғылыми жобаларын тексеріп бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

4.5 Ғылыми конкурс 2 кезеңнен тұрады:

I кезең – іріктеу. Антиплагиатқа тексеру (**21 ақпан 2022 жыл**).

II кезең – қорытынды. Ауызша презентация қорғау **(24 ақпан 2022 жыл**).

4.6 Бірінші кезеңде барлық ғылыми жобалар Turnitin жүйесінде бірегейлігіне тексеруден өтеді. Ғылыми конкурстың қорытынды кезеңіне өту үшін **бірегейлігі кем дегенде 60%** болуы тиіс.

4.7 Ғылыми конкурстың қорытынды кезеңінде қатысушылардың ғылыми жобалары келесі **категориялар** бойынша электронды түрдегі **презентация арқылы** қорғалады:

– Ағылшын тілі, лингвистика;
– Ағылшын тілді елдердің әдебиеті;
– Ағылшын тілінің заманауи оқыту әдістемесі;

Ғылыми жобалардың мазмұнына қойылатын талаптар

4.8 Ғылыми конкурсқа ұсынылған барлық ғылыми жобалар жобаға жетекші мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың өз бетінше орындалуы керек.

4.9 Жоба зерттеушілік сипатта болуы керек. Ғылыми жобаның мазмұны жаңалықты, өзектілікті және белгілі нәтижелермен салыстыруды ашуы керек, әрі оқушының өз нәтижелері көрсетілуі керек.

4.10 Ғылыми жоба бойынша жұмыс еңбек қауіпсіздігінің қажетті талаптарымен жүзеге асырылуы және кәмелетке толмаған зерттеушілердің өмірі мен денсаулығына, олардың қоршаған ортасына қауіп төндірмеуі керек, қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс.

5. Ғылыми жобаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

5.1 Жұмыстың мәтіні компьютерде терілуі және мыналарды қамтуы керек:

- титул парағы;
- мазмұны;
- абстракт (аннотация) ағылшын және қазақ/орыс тілдерінде (таңдауға байланысты) жазылады (250 сөзден артық емес);
- кіріспе – таңдалған зерттеу тақырыбын негіздейді және жобаның өзектілігін, оның мақсаттары мен міндеттерін, жоба жасалған мекемені көрсетеді (екі беттен артық емес);
- әдебиеттерге шолу – зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге қысқаша талдау;
- зерттеу бөлімі - материалдар, зерттеу әдістері, тәжірибелік бөлім, жоба нәтижелері және оларды талқылау;
- қорытынды – қорытындылар мен ұсыныстар;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

5.2 Титул парағында мыналар кәрсетіледі:

- жоба орындалған ұйымның толық атауы;
- жобаның атауы;
- бағыты;
- орындаушы (тегі, аты, әкесінің аты, мектеп, аудан/қала);
- жетекшісі (тегі, аты, әкесінің аты, қызметі, жұмыс орны);
- қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

5.3 II турға ғылыми жобаларды ұсынуға қойылатын талаптар:

- 10-15 минут ауызша баяндау;
- MS Power Point бағдарламасында слайдтармен презентация (тасымалдаушыда);
- қазылар алқасы мүшелеріне жұмысты қағаз түрісінде басып шығару;

Презентация келесі критерийлер бойынша бағаланады:
- презентация құрылымы мен материалды визуализациялау дағдылары;
- сауатты сөйлеу (грамматика, сөздік, айтылу)
- Көпшілік алдында сөйлеу дағдылары (харизма, аудиториямен байланыс, уақытты басқару)
- Презентацияның ұсынылған жазба жұмысымен сәйкестігі

Әрбір жобаның жалпы көлемі (мәтін + суреттер (диаграммалар) + суреттерге түсінік + кестелер + сілтемелер) **25 беттен аспауы керек**.

5.4 Жобаның беттері араб цифрларымен жобаның бүкіл мәтіні бойынша үздіксіз нөмірленуі керек. Бет нөмірі нүктесіз парақтың төменгі жағының ортасына қойылады. Титулдық бет жалпы бет нөмірлеуіне кіреді. Титулдық бетке бет нөмірі қойылмайды.

5.5 Ғылыми жоба Windows үшін WORD форматында А4 парағында орындалуы керек. Қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 14, жол арасының интервалы - 1, қаріп түсі - қара. Парақ беті өлшемдері: оң – 10мм, сол – 30мм, жоғары – 20мм., төмен – 20мм.

5.6 Әрбір ғылыми жобаға қоса ұсынылған нысанға сәйкес қатысушы толтырған өтінім қоса тапсырылуы тиіс (1-қосымша). Өтініштерде оқушылардың және олардың жетекшілерінің тегі, аты, әкесінің аты құжаттарға (жеке куәліктер) сәйкес толығымен толтырылуы керек.

5.7 Ғылыми конкурсқа қатысу тегін. Жұмыс тілі – ағылшын тілі

5.8 **2022 жылдың 20 ақпанына** дейін Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына researchfilfak_2022@mail.ru ғылыми конкурсқа қатысуға өтінім мен ғылыми жобаның электрондық нұсқасын жіберу керек (баспадан шығарылған түрде өзіңізбен бірге Қорытынды кезеңге ала келесіз).

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010011 Ақтөбе қаласы, Гришина көшесі, 7а. **Ақпарат алу үшін телефондар: + 77019421035, +77014902647, +7 7014634491, +77013560741, +77782693789, +77474643055 e-mail:** researchfilfak_2022@mail.ru

Қорытынды кезеңге өткен қатысушылар туралы ақпарат филология факультетінің zhubanov_filfak парақшаларында орналастырылады.

6 Қорытындылау, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

6.4 Ғылыми жобаларды Ғылыми конкурстың ұйымдастыру комитеті бекіткен қазылар алқасы бағалайды.

6.5 Ғылыми жобаларды бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:
- ұсынылған тақырыптың мазмұнымен сәйкестігі;
- талап бойынша рәсімделуі;
- автор идеясы, өзіндік пікірінің болуы;
- ғылыми жобаны талапқа сай қорғай білуі;
- жоба нәтижелерінің практикада қолданылуы;
- нәтижелерді негіздеуі білуі.

6.6 Байқау жеңімпаздарына:

I орын – Қ.Жұбанов атындағы білім беру гранты
II орын – 50% оқуға жеңілдік
III орын – 35% оқуға жеңілдік

Ескерту: Білім беру гранты мен жеңілдіктерді жеңімпаздар ғылыми жобаға қатысқан бағыттары бойынша сәйкес келетін білім бағдарламаларына түскен жағдайда қолдана алады.

Ескерту. Ғылыми конкурсқа қатысушылардың және олардың жетекшілерінің іссапар шығындарын (бару-келу жолы, жататын орны және тамақтануы) жіберуші жақтың есебінен төленеді.

1-қосымша

Ғылыми конкурсқа қатысуға өтінімі

Қатысушының аты, тегі, әкесінің аты	
Қатысушының туған күні, айы, жылы	
Қатысушының мектебі, сыныбы	
e-mail (қатысушы)	
Қатысушының байланыс номері	
Ғылыми жетекшінің аты, тегі, әкесінің аты, қызметі	
e-mail (жетекші)	
Жетекшінің байланыс номері	
Жоба атауы	
Жоба категориясы	
Жобаны қорғау үшін қажет қосымша талаптар	